



# "Роботикс" студиясы ашылды

Д.ЖҰМАДІЛ


Оқырман қауымның есінде болса, газетіміздің өткен сандарының бірінде қаламызда еліміздің түкпір-түкпірінен келген робот техникасы білгірлерінің қатысуымен республикалық семинар өткенін жазған едік. Мамандар техникалық шығармашылықты насихаттау, жастарды робот техникасымен айналысуға, бастапқа бағдарламаны үйренуге шақыру, инженерлік-техникалық мамандыққа деген қызығушылығын арттыру, роботты техника жүйесін жасау дағдысын дамыту мен командада бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру жайлы ой қозғап, оның алғашқы жетістігі ретінде 3D принтерінің жасалғанын тілге тиек еткен еді.

Робот техникасы және техникалық даму балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беруде басты бағыттардың бірі болып табылады.

Осы бағытты іске асыру мақсатында үстіміздегі жылдың ақпанында «Қайнар» білім беру және бос уақытты қамту кешенінде «Роботикс» студиясы ашылды. Оның ерекшелігі – бағдарламалауды оқытып қана қоймай, тәжірибелік дағдыларды дамытады.

Жаңа бастаманы алғашқылардың бірі болып «Богатырь Көмір» ЖШС-і қолдады. Көп ұзамай «Қайнар» ББК мен «Богатырь Көмір» ЖШС-і арасында меморандум жасалды.

Студияның құрылғанына аз уақыт өтпей жатып біздің тәрбиеленушілер Павлодар қаласында өткен роботтар көрмесіне қатысты. Нәтижесінде екібастұздық Нұр-дәулет Мәжитовке Павлодар облыстық Білім басқармасы атынан алғыс хат табысталды. Сонымен бірге, «Роботикс» студиясы 2-3 сәуір күндері Қарағанды қаласының «Жастар» сарайында өткен «Roboland - 2016» халықаралық фестиваліне қатысты. Фестиваль бағдарламасының ауқымы кең



болды. Онда роботтар жарысынан бөлек семинарлар мен оқыту курстары, роботтар көрмесі ұйымдастырылды. Фестиваль ұйымдастырушылары балалар мен жастарды ғылыми-техникалық шығармашылық және бағдарламалауға еліктіру, робот техникасы мен ақпараттық технологиялар саласында интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін арттыруды мақсат тұтты. Робот техникасын дамыту аясында еліміздегі оқытушылардың өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік туды, - дейді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Терлікбаева.

Алғаш рет ұйымдастырылған фестивальға 232 топ қатысты. Соның ішінде Уфа, Санкт-Петербург, Сербия, Монғолияның жас өнерпаздары бар. Жас өнерпаздар сызықпен жүру, кегельринг, механикалық сумо, лабиринт, шайбаларды жинаудан жарысқа түскен.

Екібастұздың намысын жерлестеріміз Владислав Лягаев және Никита Елесеенков қорғады. Олар 15x15 см. параметрінде шектеулі уақыттың ішінде роботты жинап шыққан. Оларға халықаралық стандарттағы сертификаттар табысталды.